

Ардагер ұстаздың әдеби кеші



Нұра ауданының қазыналы қариясы, құрметті азаматы Мейірхан Айтжанұлының 85 жасқа толған мерейтойына орай ауданымыздың орталық кітапханасы әдеби кеш ұйымдастырды.

Мерекелік шарада ардагер ұстаздың үздік өлеңдерін мектеп оқушылары мәнерлеп оқып, көпті көрген көнекөз қарияның өмірлік жолына шолу жасады. Нұра ауданының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің



басшысы Сүлеймен Жұмабеков алғы сөз сөйлеп, барлық саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған Мейірхан Айтжанұлының жылдар бойы шындалған еселі еңбегін атап өтті. Поэзияға толы әдеби кешке аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері, мерейтой иесінің шәкірттері мен мектеп оқушылары қатысты.

Нұра ауданының құрметті азаматы Мейірхан Айтжанұлы жас буын өкілдеріне үлкен сенім артатынын айтып, биылғы жыл жастардың қабілет-қарымын ұштайтын жаңа мүмкіндіктерге толы екендігін өзінің өлеңдерімен, сөздерімен тыңдармандарға жеткізе білді. Жиналған қауым бұл кештен рухани азық алып, бір демалып, марқайып қалды.

Сондай-ақ, шарада қадірменді қария ХХІ ғасырдың жас ақындарымен танысып, «Жастар жылына» байланысты 40 кітаптан жинақталған «Жаңа толқын - 2019» көрмесін тамашалады. Мейірхан Айтжанұлы жаңа лепке мұра ретінде қалған кітап топтамаларын қолға алып, аға буынның еңбегі ұмыт болмайтынына көзі жетіп, қуанышын жасырмай риза болды.

Дина Әбдіғалиева